

**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министірлігімен келісілген
«Қазақстан тарихы пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттерін жетілдіру»
педагогтардың біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасына**

САРАПТАМАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

Сараптамалық қорытынды беруге ұсынылған «Қазақстан тарихы пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттерін жетілдіру» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсы бағдарламасының жобасы білім беру бағдарламасы ҚР-сы Оқу – ағарту министірлігінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 бұйрығына сәйкес әзірленген.

Заманауи білім беру жүйесі Қазақстан тарихы пәні мұғалімінен терең пәндік біліммен қатар, әдістемелік икемділік, заманауи педагогиканы түсіну және өзекті оқыту технологияларын меңгеруді талап етеді. Осы тұрғыда мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру – оқушылардың азаматтық өзіндік санасын қалыптастыруға, тарихи ойлау жүйесін, функционалдық сауаттылығын және ақпаратты сыни тұрғыдан пайымдау дағдыларын дамытуға бағытталған маңызды міндеттердің бірі.

Бағдарлама құрылымында:

1. Жалпы ережелер
2. Глоссарий
3. Бағдарлама тақырыптары
4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері және күтілетін нәтижелер
5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны
6. Оқыту процесін ұйымдастыру
7. Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету
8. Оқу нәтижелерін бағалау
9. Курстан кейінгі қолдау
10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі қамтылып, ұсынылған.

Заманауи білім беру стандарттары Қазақстан тарихын оқытуды тек білім берумен шектемей, оқушыларда тарихи сананы, азаматтық ұстанымды және функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға бағытталуы тиіс екенін айқындайды.

Бағдарламаның мақсаты – Қазақстан тарихы пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту, оқытудың заманауи стандарттарына сәйкес пәнді тиімді оқытуға, оқушылардың функционалдық сауаттылығын, тарихи ойлау жүйесін және азаматтық көзқарасын қалыптастыруға ықпал етеді.

Сараптамалық қорытынды:

Жалпы білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған «Қазақстан тарихы пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттерін жетілдіру» курсы тақырыбындағы педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасын бекітуге болады.


Негіздеме: Сараптама кеңесінің отырысы № 18 хаттама 15.08.2025 ж.

Сарапшы Астана қаласы әкімдігінің

«Райымбек батыр атындағы №50

«Қазғарыш» мектеп-лицей» ШЖҚ МКК

директоры, тарих пәнінің шебер педагогы



Ж. Жұмабекова